

Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі

№ 05 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткен күні: 25 наурыз 2024ж

Қатысқандар: мектеп директоры, оқу ісінің орынбасары, тәрбие жөніндегі орынбасары, шаруашылық менеджері, барлық педагогтар.

Барлық педагогтер саны: 17

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №14 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулыққа және Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мектемесінің 2024 жылғы « » _____ № , «2024 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2023 жылғы 08 қарашасындағы №430 бұйрыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы негізінде 2021-2024 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жүргізу./жауапты: директор Е.Тулепов/

2. Өзін-өзі бағалауды өткізу үшін комиссия құру.

Тыңдалды.

1. Е.Т.Тулепов – мектеп директоры: Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметтерінің ЖМБС талаптарына сәйкес 2021-2024 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жүргізіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын жыл сайын сайтқа ұсынылып отыратынын айтты.

Сонымен қатар, ҚР ОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментінің бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын аттестаттаудан өту кестесімен таныстырылды. Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады делді.

Мектеп директоры оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді, соның ішінде білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау, мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы, үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес 1-9 кластар оқушылары жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің (қортынды) болуы және талдау жолдары бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді.

2. Д.Б.Мұқашев оқу ісінің орынбасары: Білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру жолдары, жеке оқу жоспары мен арнайы оқу

бағдарламасын іске асыруға ерекше назар аудару керек екенін айта келе әдістемелік кеңес берді.

Өзін-өзі бағалау білімді,білікпен дағдыларды бақылау жұмыстарын зерделеуде метепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінде педагогтар мен ата-аналарға сауалнама жүргізілді. Мектеп өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін 5 адамнан кем емес құрамда аттестаттау комиссиясы құрылу керек. Комиссия мүшелері 2021-2024 оқу жылдарының МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізеді.саралайды,қортынды жасайды. Өзін-өзі бағалауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 5 желтоқсандағы №486 «білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» пайдалана отырып жүргізеді делі.

Сөз сөйлегендер;

Өзін-өзі бағалау үшін комиссия мүшелеріне төмендегідей педагогтерді ұсынылды.

Д.Б.Мұқашев – оқу ісінің орынбасары- комиссия мүшесі

Г.Ж.Лепесова – тәрбие жөніндегі орынбасары –комиссия мүшесі

Е.Ж.Қожахметов – информатика пәні мұғалімі- комиссия мүшесі

Н.Е.Байниязов – қазақ тілі,әдебиеті пәні мұғалімі- комиссия мүшесі

Шешім:

1. Мектеп 2024жылдың 01.05-31.05 аралығында 2021-2024 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізілсін.
2. Өзін-өзі бағалау бұйрық негізінде комиссия құрылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы: *Тулепов* Е.Т.Тулепов

Хатшы: *Курбасва* Г.Ж.Курбасва